

Қарт ақын өмірінің соңғы кездерін өткізген, сол кездері Мұнайлы Маңғыстау жүрегі саналатын – Жетібай туралы ол көбірек толғанады.

Өндірістері өрлеген  
Жетібай менен Өзенім,  
Мұнайының толқыны  
Жерді қозғап кернеген,  
Атқылап жатыр әр жерден  
Бір дария болды көрмеген.  
...Жетібайда таусылмас  
Мұнайдың терең молы бар,

Ақын ағыл-тегіл, көл-көсір байлықты игеру, халық игілігіне жарату үшін тынымсыз, аянбай еңбек ету арқасында Даңқы Одаққа жеткен Маңғыстау мұнайын Сәттіғұл ақын шаттана жырға қосады. Мұнайдың ел игілігіне айналып, «көзі бұрқыраған көл-көсір» мұнайдың ұрпақтарға ұласатына сенгісі келеді. Ерен еңбекке, білім мен қайраттың ұштасуына сүйсіне толғайды. Сондай-ақ:

...Міне, бүгін қарасам  
Нұр жайнаған елім бар,  
Өркендеген өмірлі,  
Өндірісті жерім бар.  
Апшымайтын алғанға  
Жер астында кенім бар.  
Ембіден ақса мұнайым,  
Қарағанды жерінде  
Қалың жатқан көмір бар  
Теміртау мен Балқашым,  
Қостанайда қорланып

Тұтасып жатқан темір бар.  
Шымкентімде қорғасын,  
Балқашым мыс балқытқан,  
Қарсақбайда жезім бар, – деп көсілте, ерекше шабытпен жырлаған Сәттіғұл ақын өз кезеңіндегі Қазақстан келбетіне көңілі толған кейіпте. Әрине, екі дәуірді бастан кешкен, «июнь жарлығының» зорлығын, «ит жылының» қорлығын, Ұлы Отан соғысының зардабын өз көзімен көрген, жақсылықты да, жамандықты да жүрегімен сезінген қарт ақынның бұлайша кеңінен көсілуі заңды да.

1. Жанғабылұлы С. Аманат: – Алматы: Ер-Дәулет, 1996. – 386 б.
2. Раев Қ. Ұлағат. – Алматы: Білім, 2001. – 216 б.
3. Спанов Ә. Тобанияз, – Алматы: 1995. – 145 б.
4. Жамбыл \ Өмірбаяны туралы очерк\ С.Бегалин, Ә.Тәжібаев, М.Ритман-Фетисов. -Алматы -1946. 64б.
5. Бердібай.Р Дәстүр қуаты. Алматы, Білім, 2005,-312б
6. Жолдасбеков М. Жүз жыл жырлаған жүрек: Зерттеу. –Алматы, Жазушы, 1992, –320 б.
7. Төреқұлов Н. Қазақ совет халық поэзиясының жанрлық ерекшеліктері. –Алматы: Ғылым, 1979. –168 б.
8. Пернедегі термелер (Қазақ совет халық ақындарының шығармалары) ред. басқарған :Мұқанов С. –Алматы: Жазушы. 1965 -396 б.
9. Сыдықов Қ. Ақын жыраулар, –Алматы: Ғылым, 1974. –240 б.

\* \* \*

В статье подвергнуты анализу хвалебные песни народного поэта Саттигула Жангабылова.

\* \* \*

In this article praising poetries of works of Sattigul Zhangabylov, folks poet are analyzed.

### Ә. Т. Жеткізенова

## ХАЛЫҚ АҚЫНЫ СӘТТИҒҰЛ ЖАНҒАБЫЛОВТЫҢ ТОБАНИЯЗҒА АРНАҒАН ТОЛҒАУЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР

Қоғамдық өмір қатынастарындағы би атты тұлғаның алатын орны турасында белгілі зерттеуші-ғалым, заң ғылымдарының кандидаты Н.Дулатбеков «Әдет-ғұрып заңдарындағы жаза тағайындау» атты мақаласында: «...ел ақсақалда-рының ұйғарымы, өзара келісімі мен шешімі бойынша елдің салт-дәстүрін білетін, шежіреден хабары бар, аузы дуалы, сөзі уәлі, шаруасы түзу, ата-тегі белгілі және елге беделді, сыйлы адам-дар ғана би болған» деген пікірі арқылы билер-дің қоғамдағы орнын нақты көрсетеді.

Би өз өмірінде өзінің басына дау келтірмеуі шарт, елге күмән, күмәнді сөзге себеп бермеуі шарт. «Би басына дау келсе, билігі кетер басынан» деген сөз бекер айтылмаған. Ондай оғаш оқиға орын алған жағдайда халықтың биге және оның айтқан билігіне сенімі кетеді. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген аталы сөзде үлкен мағына бар» [1, 114-б.]. Себебі, би ғалым айтқандай, үнемі халықтың назарында болатын адам.

Сондай-ақ, «Жеті жарғы» туралы тың ойлар, тұшымды пікірлер жазған зерттеуші Н.Өсеров-

тің «Жеті жарғы» жайлы зерттеу» атты мақаласында: «Билер – өз қоғамымен бірге өсіп біте қайнасып, тұрмысына, әдет-ғұрпына жетік болған саясаткерлер. Бұл билердің айтқан билігі жерде қалған емес. Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін билер болып, олардың билігі айтқаннан да оңай болып орындалып отырған» [1, 115-б.] дейтін сөздері халқымыздың белгілі билер статусының жоғарылығын одан әрмен нақтылап, дәлелдей түседі.

Ел тарихындағы осындай белгілі тұлғалар, би-шешендер, сыйлы ақсақалдар, олардың еліне сіңірген өлшеусіз еңбектері, өнегелі істері турасында халық ақындары шығармаларында аз жырланбаған.

Осы дәстүр С.Жанғабылов туындыларында жалғастық таба білді.

Ақын өлеңдерінің негізгі идеясы – пайдалы іске ұмтылу, адалдықты ардақ тұту, адамгершілік мәселесі және оның осы елдік, имандылық тақырыпты шығармаларының қай-қайсысы да мұсылман діні шежіресі мысалдарымен тұтаса жырланған.

Ақынның 1922 жылға дейін Адай уезі төңкеріс комитетінің, КирЦИКтің төрағасы болған Тобанияз Әлниязұлына арналған екі толғауында да қайраткердің кесек тұлғасы туындыда кенінен ашылған. Әрине, Сәттігүл шығармада Тобанияздың басшылық қызметін мақтан тұту, жағыну мақсатын көздегендігі белгілі, оның елдің игілігі үшін қызыл империяның қылышынан қан тамып тұрған қиын-қыстауда нар тәуекелге бел буып, жол тауып отырғандығы, ел ішіндегі дау-дамайлы жанжалдарды да төрелік айтып басатын шешендік қасиетін, сөз тапқырлығы мен әділ би санатындағы ерекше бітім-болмысын айрықша тап басып шебер жырлаған.

Сонымен, ақынның «Тобанияз хан тұрғанда», «Тобанияз түрмеге түскенде» деп аталатын толғауларының басты кейіпкері – Тобанияз Әлниязұлы.

Тобанияз Әлниязұлы Маңғыстаудың ойында, Бозашы түбегінің Ақшымырау елді мекенінде 1875 жылы дүниеге келген. Тобанияз он жасқа толғанда әкесі өмірден өтіп, отбасының тауқыметі енді анасының мойнына түскендіктен, бала Тобанияз іні-қарындастарына қамқор болып, шаруаға ерте араласады. Жастайынан сөзге шебер, шешен ол он төрт жасынан-ақ ел ішіндегі дау-дамайды шешуге араласады. «Елдің белгілі би, ақсақалдары оны үнемі жандарына ертіп, кейбір дау-жанжалдарға төрелік беруді оның тапқырлығы мен әділдігі үшін де сеніп тапсырған. Сондықтан ол жастайынан «бала би»

атанады. Барған сайын атағы жайылып, оған деген халық сенімі арта түседі.

«Мәтжан би Тобанияздың шешендігі мен тапқырлығына сүйсініп, көбіне даудың соңғы түйінін «Қазақтың қара баласы Тобанияз айтсын» деп уәж білдіретін дейді көз көрген тау-пиықты қариялар.

Тобанияз ру мен ру арасындағы жер дауы не жесір дауын тіпті, кісі өліміне байланысты дау-жанжалды одан әрі өршітпей, тез әрі әділ шешуге тырысқан [2, б-б.].

Ақын шығармасында айтылатын Тобанияздың билік басында тұрған кезеңде Маңғыстау халқының көшпенділік жағдайындағы тұрмысқа бейімделгені, олардың отырықшылық кәсіппен шұғылдануға табиғаты қолайлы емес ерекшеліктерін ескертіп, нақты мысалдар келтіре дәлелдеп, кеңес өкіметіне елден салық төлемін алдырмағандығын халық көпке дейін аңызға айналдырып әңгіме етіп келген.

Сонымен, автор толғаудағы «Егескен дүшпан кәпірді, Үсталды дейді сөзінен» деген жолдардың мағынасын «...есіл ердің орысша жаңсақ аударылған бір ауыз сөзі түбіне жеткен» деген мағынасын ашып көрсете келіп, осы оқиғаның шындығын Сәттігүл Жанғабыловтан артық ешкім жеткізбегендігін айтады:

Тобекем хәкім болғалы  
Аянбай сөйлеп алқада  
Қол салдырмай қолқаға  
Қоластын қорғап жүр еді

Сәттігүл ақын Тобаниязды да, сол кезең оқиғаларын да өте жақсы білгендігі аталған еңбектің тағы бір жерінде:

«Әліби Жангелдин, Бақытжан Қаратаев, Халел Досмұхамедов сияқты белгілі қоғам қайраткерлерінен басқа Закария Түрниязұлы, Сәттігүл Жанғабылов, оның атақты шәкірті балықшы Дүйсенбі Тобекең үйінің қонақтары болып, ұзақ-ұзақ әңгіме-дүкен құрып сұхбаттасқан еді... Мұнда имамдар, діни адамдар мен неше түрлі кеңес мекемелерінің шенеуніктері қонып, құрмет-қонағасысын жеп, аттанып жататын. Тіпті, Ресей мен Орта Азия мұсылман елдерінің жолаушылары да керуен жолында келе жатып, бұл ауылға соғып, Тобекеңе сәлем береді екен...» [2, Б-73-74-б.] деп келтіріледі.

Қайғырды дейді біз түгіл  
Меңдешов, Әліби, Бақытжан, –  
Солардай асыл бектер де, –

деуі, ақынның ел өміріндегі саяси жағдайлар, ел азаматтары туралы да мол түсінікте болғандығын аңғартады.

Ақын толғауында Тобанияздың ата-тегіне де

шежірелі шегініс жасап, мұсылман діні мысалдарын орынды қолданып, оның адами, азаматтық қасиеттерін бұрынғы өткен батырлар мен хандардың, шешендер мен билердің елге тигізген шапағатымен салыстыра жырлайды.

Дүйімбаян, Шыңғысхан –

Нәсілі нұрдан жаралған.

Халқына әділ қараған

Ауыз тимей парадан.

Ақынның бірінші толғауын «Тобанияз хан тұрғанда» деп атауының өзі сол кездегі түбек тұрғындарының түсінігі бойынша берілген, себебі, Маңғыстау халқы төңкеріс Комитетінің төрағасы деген ұғымды «хан», «қарадан шыққан ханымыз» деп қабылдаған. «Тобанияз патша заманында аз уақыт старшина, болыс та болған адам. Сондықтан жергілікті халық оны көтермелеп атаған. Әйелдер оны «хан қайынаға» деген сияқты. Олардың түсінік-танымына байланысты бұлай аталуына кейін Голощекиннің «князь» деп атауына, ал ОГПУ, ГПУ тергеушілерінің «хансын» деп айыптауына себепкер болды. Ал шындығында, хан, хандық ұғымдарға мұның ешқандай қатысы жоқ еді» [ 2, Б-106-107.]

Журналист Ә.Спановтың Тобанияз Әланиязұлы туралы зерттеу еңбегінде Сәттіғұлдың осы толғауларын ОГПУ-дың қанды қанжары жанай өткендігі жайлы айтылады: «Егер өлеңде де өмірбаян бар дейтін болсақ, Сәтекеңнің бұл шығармасы да мың өліп, мың тірілген. Сондағы жазығы – оның Тобаниязға арналғандығы. 1930-1931 жылдар ылаңынан соң-ақ сақтанған Сәтекең үкіметтің бүйрегіне тас болып қадалады-ау деген өлеңдерін топтап жазып Түрікменстан, Қарақалпақстан асқан сенімді жолдас-жораларына аманат қылып табыстайды. Маңғыстаудағы білетіндерге айтпауды ескертеді» [3, 57-б.].

Ақынның қатыгез мезгілдің қаһарын тани тұра, Тобаниязды ауызға алуын белгілі ғалым Қ.Сыдықов: «Сәттіғұлдың бұл екі толғауды, әсіресе, Тобанияз тағдыры тығырыққа тірелгеннен кейінгі екінші толғауды шығаруы үлкен ерлік еді. Бұл не нәрсеге ұшыраса да нар тәуекел деп халық сезімін білдіруге бел буған, борап тұрған оққа қарсы барумен бірдей ақындық азаматтық әрекеті» [5, 9-б.] деп айта келіп, ақынның Тобанияздың мақсат-мұратын, ел алдындағы қызметін танытуда бұл толғаулар неғұрлым шынайы деректер беретіндігін нақтылайды.

Сондай-ақ, Сәттіғұлдың өз естеліктерінде де Тобаниязға арнаған толғауларының өз басына кара бұлт үйіре жаздағаны туралы айтылады [3, 58-б.].

Демек, жалпы Тобанияз тұлғасын ең алғаш көркем әдебиетке әкелуші Сәттіғұл Жанғабылов деуімізге нақты дәлел – ақынның аталған шығармалары. Сәттіғұлдан кейін Тобанияз образы Қалижан Бехқожин шығармашылығында бой көрсетті. Оның 1960 жылы жарыққа шыққан «Дала комиссары» поэмасындағы «Құм жорығы» бөліміндегі қазақ даласының төтенше комиссары Әліби Жангелдинге Маңғыстаудың шөл даласында кездесетін Атанияздың прототипі – Тобанияз Әланиязұлы еді.

Содан кейін, белгілі журналист, жазушы М.Әбдіхалықовтың 1967 жылы жарық көрген «Ленин тапсырмасы» повесінің «Ең ұзақ күн» тарауында 1918 жылы Әліби Жангелдиннің Қаратөбеде өткізген он екі болыс өкілдері съезінде Тобанияздың Адай төңкеріс комитетінің төрағасы сайланған жиын баяндалады. Автор қаламынан кейінірек бұл оқиға 1973 жылы «Қаратөбе келісімі» атты очерк болып туды.

Проза саласында бірден-бір Тобанияз турасында ең көп зерделей зерттеп, оның қоғамдық-саяси қызметі, тарихи тұлғасы туралы нақты да шынайы деректермен баға беруге тырысқан М. Әбдіхалықов еді. Жазушының 1975 жылы шыққан бас-аяғы екі әңгімеден тұратын, 1-сі «Қызыл жұлдыз», 2-сі «Жау мен жау» атты «Екі әңгіме» деп аталатын шығармасында Тобанияз есімі Алданияз деп алмастырылып беріледі. Кейін жазушы екеуін біріктіріп, 1991 жылы «Алданияз» деген әңгімесін ұсынады.

Публицист жазушының Тобанияз тұлғасын сомдауға деген сүйіспеншілігі «Ынтызар жүрек лүпілі», «Ғасырларға ұласқан жол» очерктерінде де көрініс табады. Қызыл империяның қылышы қылпылдап тұрғанда, жазушы қаламының мұқалмай осындай қайратты шығармалар беруі Тобанияздың ел алдындағы беделінің асқақ, үлкен жүректі азаматы, аяулы перзенті болғандығын танытады.

Тобанияз Әланиязұлының халық алдындағы сіңірген өлшеусіз еңбегі кино өнерінде де көрініс тапты. Басты рөлде Нұрмұхан Жантөрин ойнаған 1960 жылы түсірілген деректі фильм «Ұшы-қиырсыз жол» (немесе «мың шақырымдық жол») деп аталады. Деректі фильмде Тобанияз есімі Нияз болып өзгертілген. Фильмнің әдеби кеңесшісі – М. Әбдіхалықов. Сценарийін жазғандар: О.Сүлейменов, Қ.Ысқақ, М.Әбдіхалықов.

Демек, Сәттіғұл ақынның Тобаниязға арнаған толғауларындағы тарихи деректерге нақты жанасатын тұстарын жоққа шығаруға болмайды.

«Тобанияз өнерді, өнер адамдарын қатты

құрмет тұтып, басшы, елағасы қызметінде тұрғанында да олардан күш-қуат алып отырған, олар да Тобекен айналасына топтаса білген. Жыршылар мен әншілер, күйшілер де көп болған Әсіресе, Закария Түрнийазұлы, Сәттігүл Жанғабылов үзентілес пікірлесі, дос-жарандары екен. Сәтекең Тобанияздың арғы атасы батыр Қонай туралы «Ер Қонай» атты жыр толғаған, оның үстіне 1918 жылы Тобекен Маңғыстау төңкеріс комитетінің төрағасы болғанда, сол кездегі қалың кедей алдында олардың наным-сенімі мен түсінігіне ыңғайлап, толғау арнайды. Оны көпшілік алдында Тобекеннің өзіне домбырамен талай жырлаған» [2, 77-б.].

Сәттігүл Тобаниязға арнаған бірінші толғауын (1918 ж) қуана, жүрек жарды ақтарыла жырлайды. Кейіпкерін ел басқарған хандарға, аузы дуалы билерге теңгереді. Ақын жырында Тобанияздан асқан ақыл иесі жоқ.

Ал, бұдан кейінгі жырлаған «Тобанияз түрмеге түскенде» (1929 ж) керісінше, асыра сілтеу етек алып, әділетсіздік үстемдік еткен кезеңнің тақсиретін тартып, жапа шеккен абзал азаматтың ауыр тағдырына күйзеле, күңірене тебіренген.

Ақынның арнауында Тобанияз – Досан батырдың арманын жалғап, аманатын орындаушы асыл ер. Досан батырдың жау қолында азапты өліммен өлер алдындағы арпалысты арманында:

Талай ер туған анадан-  
Тағы да бір ұл қол бастар,  
...Арманда кетіп барамын,

Құлдығынан патшаның  
Қорғай алмай елімді.  
Маңғыстаудай кең жайлау  
Туып-өскен жерімді  
Тағы да бір аманат  
Ұрпақтарға кейінгі  
Алындар менің дұшпаннан  
Ала алмай кеткен кегімді

деп, «аһ» ұрады. Аруақты ер Досанның ерлік салтын елдік салтанатқа ұластыруды арман етіп, кезінде Досан білегімен қорғаған еліне Тобанияз білімімен қорған боларын, қарсыластарын қарудың сұсымен емес, дипломатиялық жолдың күшімен ықтырып, береке-бірлік эстафетасын жалғастырар деп сенгендігін көрсетеді. Кең байтақ қазақ даласының әр жерінен әлсіз де болса дүмпуі естіліп тұрған ұлт-азаттық көтерілістің көріністері, бойларын ашу-ыза кернеген халық ұлдарының азаматтық аңсаған ұлттық намысты биікке көтеретін ұлы ұстанымдық қасиеттері сезіліп тұрады.

1. Дулатбеков Н. //Әдет-ғұрып заңдарындағы жаза тағайындау. Заң. –2005. –№2. –22б.

2. Жанаев Т. Тобанияз қыстауы, –Алматы: Жазушы. 1998. –144 б.

3. Спанов Ә. Тобанияз, –Алматы: 1995. –145 б.

\* \* \*

В статье описывается образ общественного деятеля Тобанияза Алнийазулы в художественном произведении.

\* \* \*

In this article it is discussed art works of public figure Tobanyaz Alniyazuly

*Искандарова Вафа Захид кызы*

## ОБЩЕТЮРКСКИЕ ФОРМУЛЫ (на основе азербайджанских и турецких сказок)

Основную часть эпического произведения, являющегося продуктом коллективной памяти, составляют традиционные формулы. Эти произведения передаются из поколения в поколение благодаря именно формулам. Когда традиция живет, и формула живет. Традиционные формулы встречаются во всех фольклорных жанрах. Эти формулы являются выражениями, сформировавшимися вот уже годами, десятилетиями, и подвергшиеся минимальному изменению.

В мировой фольклористике было посвящено немало исследований традиционным формулам,

выражениям или фольклорным стереотипам. В этой области самая большая теоретическая работа принадлежит румынскому ученому Н.Рошиану. Мы, основываясь на данное фундаментальное исследование, попытаемся выявить и исследовать традиционные формулы сказок, собранных из различных регионов Азербайджана и Турции, их схожие и отличительные особенности.

Прежде всего, необходимо отметить, что при рассмотрении азербайджанских и турецких сказок, имеющих общее, совместное прошлое, в глаза бросается доминирование схожих традицион-